




Табиғат пен тарих терең зерттеуді

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Жәңгір хан атындағы БҚАТУ ұйымдастырған «Индер – Орал өңірінің келешек геопаркі» атты экспедициясы мәреге жетті.

Аталмыш университеттің 55 жылдығына орайлас-тырылған жорыққа Ресейден арнайы шақырылған палеонтолог, РГА жанындағы палеонтологиялық қоғамы Ульянов бөлімшесінің төрағасы Владимир Ефимов, РГА Еділ бассейні экологиясы институтының герпетология және токсикология зертханасының аға ғылыми қызметкері Андрей Бакиев және зоолог, «Самара зоологиялық саябағы» мекемесі директорының зооветеринарлық бағыты бойынша орынбасары Александр Кузовенко қатысты. Сондай-ақ Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың биотехнология және табиғатты пайдалану ғылыми-зерттеу институтының директоры, география ғылымдарының кандидаты, «Qazaq-Geography» республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшесі, қауымдастырылған профессор Қажымұрат Ахмеденов пен тарих ғылымдарының кандидаты Есқайрат Хайдаров және аталмыш білім ордасының магистранттары болды.

Орал қаласынан аттанған экспедиция алдымен Тасқала ауданына барды. Делегацияны аудан әкімінің орынбасары Люция Жұбаншықалиева қарсылап, Тасқала ауылының кіреберісінде орналасқан «Ана мен бала» монументін таныстырды. Бұл өлкеде Отан үшін от кешкен Садық Жақсығұлов, Анатолий Скоробогатов, Алексей Чурилин секілді Кеңес Одағының Батырлары, жауынгерлік Даңқ орденінің толық иегері Михаил Шамов дүниеге келген. Ерікке тағзым еткен делегация мүшелері сапарын Тасқала ауылынан 12 шақырым жерде орналасқан Үлкен Ешкітауда жалғастырды.

Бұл аймақтағы өсімдіктерді соңғы жылдары М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың профессоры, танымал ботаник Талшын Дарбаева мен оның шәкірттері жүйелі зерттеуде. Олардың мәліметінше, биіктігі 259 метр болатын бұл тауда өсімдіктің 219 түрі өседі екен. Мұнда сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктер де бар. Үлкен Ешкітау туралы алғашқы деректі бұл жерге 1769 жылы Санкт-Петербург қаласынан арнайы келген академик Петр Паллас жазған. Ауыл ақсақалы Ғалым Хисаметдиновтың айтуынша, бұрын осы жерде дала ешкілері көп жайылған екен. Таудың атауы

да соған байланысты қойылған. Мұнда соңғы төрт-бес жылда құрғақшылық орнап, таудың басындағы өсімдіктер қурап, бұлақ көзі бітеле бастаған. 2002 жылдан бастап Үлкен Ешкітау мемлекеттік табиғат ескерткіші санатына кіргізіліп, республика бойынша қорғауға алынған.

Люция Жұбаншықалиеваның сөзіне қарағанда, өткен айда аудандық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталықтың ұйымдастыруымен тау аумағынан 300 келідей балшық пен 40 текше метр қураған ағаш шығарылған. Қураған ағаштар ауылдағы аз қамтылған отбасыларға отын ретінде үлестірілген. Сондай-ақ бұлақ көзі аршылып, айналасына бір тонна көлемінде қиыршық тас төселген.

Таудың ұшар шыңына шыққан сала мамандары зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ресейлік ғалым, палеонтолог Владимир Ефимов бастаған топ таудағы тастарды бағамдаса, герпетолог Андрей Бакиев жылан іздерін аңди бастады. Ал Астрахан мемлекеттік университетінің магистранты, орнитолог Михаил Шпигельман Ешкітаудың орман алқабындағы құстарын суретке түсірді. Географ Қажымұрат Ахмеденов шәкірттерімен бірге тау етегіндегі көктеректі орман шоғын және бұлақты зерттеуге кірісті.

Ресейлік ғалымдарды Ешкітаудың ұшар басындағы шілік ағашына байланған шүберектер мен орамалдар таңқалдырды.

Ешкітауды ауыл тұрғындары қасиетті орындар қатарына жатқызады. Таудың баурайындағы тоғайдан асып, таудың шыңына көтерілген кезде адамның өзіне деген сенімі артып, бойында күш-жігері артатын көрінеді. Әсіресе, таудың шыңына шығып, тілек тілеп, шүберек байласа, арман-мақсаттарының орындалатынына сенеді. Мұнда перзентті болмай жүрген жас отбасылар көп келеді, – деді аудан әкімінің орынбасары Люция Әсетқызы.

Келесі күні БҚАТУ-дың тарих және әлеуметтік пәндер кафедрасының аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты Есқайрат Хайдаров бастаған топ Тасқала ауданының бірқатар ауылдарына барып, көне қорымдары мен тарихи орындарды аралады. Тарихшыларға жолсерік болған ауыл ақсақалы Ғалым Хисаметдинов Тасқала ауданының Ақтау

ауылының маңындағы бұлаққа алып барды. Бұлақтың суы мөлдір, дәмі тіл үйретіндей екен. Айта кетерлігі, университет ғалымдары Ешкітау басындағы және Ақтау ауылы маңындағы бұлақтардың суын бірнеше жыл бойы зерттеуде. Зерттеу нәтижесі бойынша су таза және ішуге жарамды.

Содан соң Тасқала ауданының І Шежір ауылының оңтүстік-шығысында 7-8 шақырым жерде орналасқан көне қорымдарды аралап, болашақта зерттеу жұмысын жүргізу үшін суретке түсірді.

2004 жылы бұл обаларды зерттеуге Ә. Марғұлан атындағы археология институтының ғалымдары келді. Қолдарындағы арнайы жол карталарында Шежір ауылы көрсетілген. Сонда олар бұл жерде үлкен жеті оба бар екенін айтты. Обаларда сол кезде марқұм болған адамдардың құрал-саймандары, ыдыс-аяқтары, ат әбзелдері мен жалшылары көмілген екен. Алайда, обалардың алтауы суық қолдың құрбаны болып тоналған. Қалған бір обаны олар 2020 жылы келіп зерттейтінін айтты, – деді ғалым Ғайниұлы.

Көне қорымдардағы жазуларға үнілген тарихшы Есқайрат Ерболатұлы мұндағы құлпытастардың XVIII-XIX ғасырларға тән екенін жеткізді.

Зерттеуші ғалымдар екі күн бойы Тасқала ауданындағы мәдени-тарихи ескерткіштерді аралап, экологиялық, ботаникалық, зоологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Содан соң экспедицияның негізгі бағыты бойынша Атырау облысының Индер ауданына аттанды.

Дендер тауы, Дендер тұзды көлі, Дендер бекінісі. Бұл атаулар XV-XIX ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулардың бізге жеткен шығармаларынан белгілі. Еділ бойында туған қарға бойлы Қазтуған жырау «Мен кеткенмін, кеткенмін, Нарын менен Дендерден, Сағыз бенен Жемдерден» десе, Жиымбет жырау Есім ханның қудалауы бойынша елмен қоштасқандағы «Қол аяғым бұғауда...» жырында «Қияда қолды көрсеткен, Төбеңе шығар күн бар ма, Жотасы биік Дендерім?!» дегені бар. Экспедиция мүшелері өткен ғасырлардағы елдің мұңын жоқтаған сол жыраулардың басып өткен ізімен Индер ауданына барды.

Индердің орнына жергілікті тұрғындар арасында Дендер атауы да кеңінен таралған. Дендер қалмақ, моңғол тілдерінің «төбе, биіктік, қарауылтөбе» сөзінен

шыққан екен. Бұл аудан Атырау облысының солтүстігінде, Каспий маңы ойпатының орта тұсында, Жайық өзенінің екі жағалауын бойлай орналасқан. Шығысы мен оңтүстігінде Атыраудың Қызылқоға, Махамбет аудандарымен, батысы мен солтүстігінде біздің облыстың Жаңақала, Ақжайық аудандарымен шектеседі. Ауданның жер көлемі 1 087 596 га. Ауданды екіге бөліп жатырған Жайық өзенінің батыс жағы негізінен жазық құмды шөл болса, ал шығыс жағы үстіртті. Орталығы – Индербор кенті. Құрамында бір кент, алты ауыл, 18 елді мекен бар. Округ аймағы тұщы суға тапшы аймақтардың қатарына жатады. Жалпы, Атырау облысында екі мыңнан астам көл болса, соның ішіндегі ірілерінің бірі Индер тұзды көлі екен.

Бұл көл Жайық өзенінің сол жағында Индербор кентінен 15 шақырымдай жерде орналасқан. Тұзды көлдің ауданы 110 шаршы шақырым болса, ұзындығы 13,5, ені 11 шақырымды, тереңдігі 0,7 метрді құрайды. Көлге жылына 1,5 тоннаға дейін тұз шөгеді екен. Индер көлінің шөгінді тұзы – табиғи тұздардың ішіндегі ең бағалысы. Құрамында бор, бром, йод секілді микроэлементтердің көп болуына байланысты бұл тұздың консервілеуші қасиеті де өте жоғары. Тұзды көлдің жағалауында үш ірі бұлақ бар, олар Тілепбұлақ, Ащытұзбұлақ және Тұздыбұлақ. Жергілікті тұрғындар осы жердің қара балшығына, тұзды суына түсіп, тау арасынан шығып жатқан күкіртті суға жуынып, ауру-сырқауларынан, әсіресе, тері ауруларынан емделеді екен. Сонымен қоса бұл маңда «Қыз әу-

лие» деп аталатын қорым да бар. Күні бүгінге дейін жергілікті тұрғындар ол жерге тау етіп, қорым басына түнеп келген. Ауыл ақсақалдарының айтуынша, «Қыз әулие» туралы бірнеше нұсқа айтылады. Тұзды көл сүйгеніне қосыла алмай, арманда кеткен көріпкел қыздың көз жасынан пайда болған деген де аңыз бар. Келесі нұсқасында мұнда Қаламқас атты көріпкел қыз жерленіпті. Қариялардың айтуынша, ерте заманда алты құлаш шұбар ат мінген Мәлім қожа қажылыққа барған. Арафат тауын аралап, енді жаяу қайтқалы тұрғанда, бейтаныс жігіт жолығып «Мені бірге ала кетіңізші» дейді. Мәлім қожа «Қарағым, мен сені танымаймын, әрі айтқан шартымды орындайтынына сенбеймін» дейді. Сонда ол «Барлық шартыңды орындаймын. Тек еліме жеткізсеңіз болды» деп өтінеді. Мәлім қожа Шұбар атының қасына келіп: «Осы атқа мінген соң екі көзінді тас қып жұмасың, мен аш деп айтқанша ашпайсың. Өздігіңнен ашып қойсаң, екеуіміз де құримыз», – дейді. Бұл шартқа бейтаныс жігіт көнеді. Сөйтіп екеуі атқа отырған соң Мәлім қожа: «Ал, қарағым, көзінді жұм» дейді. Сөйтіп Мәлім «Әйт шу, жануар!» дегенде шұбар ат көкке көтеріліп ұшады. Алдарынан жел гулейді. Бейтаныс жігіт «Бұл қалай? Біз шұбар атпен шауып келе жатқан сияқты емес, ұшып келе жатқан сияқтымыз, қызық екен» деп таң-тамаша ойға қалады. Бұл қызықты көзімен көргісі келген ол көзін ашып жібереді. Сол бойда-ақ қанатын жазып келе жатырған шұбар ат оқ тигендей құлдилап барып жерге құлайды. Бейтаныс жігіт пен шұбар ат бірден өліп кетеді. Ал Мәлім қожаның жаны қиналып жа-

